


АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ, СӘУЛЕТ ҰМЫТ ҚАЛДЫ

Жаннан қымбат оларға әр.
Мен жастарға сенім.№ 35 (416)
2 қыркүйек, 2021 жыл

REDAKTORY BAĞANY

8 ҚЫРКҮЙЕК – ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТЕР АҚПАРАТ ҮШІН ЖАҢЫҒАДЫ

Бүкіл әлемде журналистика – ең қауіпті мамандықтардың бірі. Әлемнің әр түпкірінде жыл сайын журналистерге шабуыл жасалады, кейде өліммен аяқталады. 1958 жылы мамыр айында Бұхарест қаласында Халықаралық журналистік ұйымдардың IV конгресінің шешімімен неміс бас-қаршыларының қолынан түрмеде азаптау өлтірілген чех журналисі, жазушы-антифашист Юлиус Фучиктің құрметіне журналистердің халықаралық ынтымақтастық күні белгіленді. Юлиус Фучик Прага түрмесінде жазылған «Дар тұзғындағы репортаж» атты кітабымен әлемге әйгілі болды. Өзі өлгеннен кейін оның кітабы өлемнің 70 тіліне аударылды. Халықаралық ынтымақтастық күнінде қауіп пен қатердің бәл ортасында жүретін журналистер және осы саладағы ілігерілеу мен қалыс қалған жайттар туралы жазғанды жөн көрдік.

Гүлбану МАҚАЖАН

Нұрсұлтан ҚАСЫМ, «Qazaqstan» Ұлттық арнасының Еуропадағы меншікті тілшісі:

– Баспасөз бостандығы мен сөз бостандығын қорғау – Еуропаның көптеген елдерінің маңызды саясатының бірі. Мәселен, Франция халықты сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету үшін күнделікті өз өмірін қатерге тігіп жүргендердің барлығына, сондай-ақ өз қызметін атқару кезінде өмірін қиған адамдарға құрмет көрсетеді. Сондай-ақ журналистерді қорғауға, өз жұмыстарын атқара алатын орта құруға және оларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жазасын қалуды тоқтатпауға бұрынғыдан да көбірек жұмыс ітеледі. Нью-Йорк пен Женевадан БҰҰ ағенттіктеріндегі, Париждегі ЮНЕСКО-дағы, Венадағы ЕКБҰ-дағы және Страсбургтегі Еуропалық Кеңестегі еуропалық және халықаралық серіктестерімен бірге БАҚ-тың пәрәзаты мен тәуелсіздігін, ақпарат алу құқығын қорғауға тырысады. Демократиялық пікірталас үшін маңызды болып табылатын интернетте және одан тыс жерде сыни пікірлерді ашық айта отырып тілшілер қалыптасқан. Біздің елдің журналистеріне де осы еркіндік керек. Журналистер артында өзін қорғайтын ұйым барын білсе, арақ сүйеп ақпарат алуда да, тарауда да батылдық танытар еді.

«Түркия дамыған ел болғандықтан, мұндағы БАҚ саласы да біздің еліміз қарағанда ықпалды дейді сол елде қызмет істеп жүрген әріптесіміз Бақытжан Омаров.

Бақытжан ОМАРОВ, Қазақстанның Халықаралық Түркіолог ұйымының өкілі:

– Түрік халқы пәнартерген ұйқыдан тұрысымен ең алдымен аса ел-жұрттарды бір шолып шығады. Арда да сайлау мен интернет порталдары жасы дамыған. Алғаш баста құралдарын шетке ысырып қойған жоқ. Түріктер үшін газет-журналдардағы ақпараттар зектілігін жоғалтқан. Сонымен қатар Түркия еліне журналистерге мүмкіндік мол. Олардың қолындағы құралдары да заманға сай. Қандай оқиға болсын басы-қасынан табылады. Біздің елдегі ақпарат құралдары сияқты бір-біріне сілтеме жасап ақпарат бере салу дағды әлемде жоқ. Елдің ақ түпкірінде болсын оқиғалар журналистері жедел жетіп, ақпарат тарапайды. Қазақстан журналистерінің ақпарат көздері аз. Әлемдік жаңалықтарға келгенде олар көбіне көрші Ресейдің ақпарат құралдарына сүйенеді. Сол себепті, көрші мемлекеттің саясатына сай біздің елде де ақпараттық ағым қалыптасқан. Ал түрік журналистері көп тілді білгендіктен, олар бүкіл әлемнің жаңалықтарын жеті қарағалайды. Сондықтан қарапайым, өз елінің шекарасына сәйкес келетін ақпарат әзірледі. Біздің елде мемлекеттік тапсырыс орындайтын бұқаралық ақпарат құралдары өте көп. Ал мұнда көрсінше, әрбір баспасөз бен телевидение өз-өзін қаржыландырады. Сондықтан олардың арасындағы бәсекелестік өте жоғары.

Ақпаратты дер кезінде жариялап, өзгелерден асып түсуге бейім, Қазақстанда телевидение саласы бейненің көркемдігі мен дауыстың әсемдігіне аса көңіл бөледі. Сюжеттер жасағанда камераның қозғалып кетпеуіне, монтаждың әдемі болғанына барын салады. Ал түркиялық журналистер үшін ақпараттың шынайылығы мен фактінің анықтығы болса жеткілікті. Өйткені оларда видеонан көркемдік отыратын уақыт жоқ. Уақыты өтіп кетіп, өнімдері жарамсыз қалмауы үшін жаңығады.

Жалпы, журналистердің жаңа медиаға бейімделуі, ынтымағы, олардың әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде де айтар дүние бар.

Аманжол ОҢАРБАЕВ, Қазақстан Журналистер Одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы:

– Галамтор желісі әлемдегі 8 млрд адамды біріктіретін ақпарат кеңістігі – «ғаламдық ауылды» қалыптастырды. Аймақтық БАҚ осы медиакеңістіктің бір бөлігіне айналды. Өйткені даму трендін, талаптарын – ортақ. Оны жаңа медиа тілі деп атаймыз. Дәстүрлі баспасөз де өзіндік ерекшеліктерін сақтап отырып, жаңа медиаға мажбүрлі әрі қарқынды түрде бейімделуде. Сыр өңіріндегі редакциялардың бүгінгі белесі соны айғақтайды. Журналистердің мақсаты шынайы, жан-жақты зерттелген ақпарат таралу. Жасыратыны жоқ, осы міндетті атқару жолында кедейлерді көзденсіз. Мұндай БАҚ өкілдерінің бірігі аядай қажет. Журналистер ынтымақтасса, ортақ мәселе оңтайлы шешіледі.

Журналистер әлеуметтік тұрғыда да қорғалуы керек деп есептеймін. Яғни мемлекеттік деңгейде пәтер алу, жалақына орналасу, әлеуметтік көмекке қол жеткізу секілді мәселелері заңмен реттелуі керек. Мәселен, Түркияда журналистерге қоғамдық мәдени-тарихи орындарға тәуір кіру, қоғамдық кәсіпкерлер тәуір жүру секілді жеңілдіктер қарастырылған. Мұндай ұсыныстар өз тарапымыздан тиісті орындарға жолданып келеді. Оң нәтиже болады деп үміттенеміз.

Журналистердің халықаралық ынтымақтастық күні әртүрлі елдердің журналистерін біріктіреді. Мұндай атаулы күн оларға өз тәжірибелерін бөлісіп, саладағы әріптестік байланысты арттыруға мүмкіндік береді. Кейде дәл осы күні өте қауіпті жұмысы үшін журналистерге марапат беріледі. Мысалы, Америкадағы журналистика саласындағы ең беделді Пулицер сыйлығы әрқашан 8 қыркүйекте беріледі. Сондай-ақ бұл күні бейбітшілікті сақтауға, журналистердің ынтымақтастығы мен бірлігін дамытуға үлес қосқан прогресстің көсімі қызметі үшін Халықаралық журналистика сыйлығы мен Юлиус Фучиктің Құрмет медалі беріледі. «Журналист – тула, лауазым, мінезі – дала, тау, өзен» демекші, журналистің бойындағы бар қасиеті көрінетін БАҚ саласының жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

STOP: COVID

№ 23 ҚАЗАҒЫ БОЙЫНША

Аймағымызда эпидемиологиялық ахуал әлі де күрделі. Бүгінде Қызылорда облысында індет жұқтырған 15 792 адам тіркелсе, оның 84 пайызы жазылды. Тамыз айында пневмониямен ауырған 2 123 науқастың 1848-і өмірлік шыққан.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жалғасбек Усенов ұхымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында елге алуға қабілетті 18 жасдан жоғары 401 мың тұрғының 67,6%-ы вакцина салдырғанын хабарлады. Вакцина қабылдаушы облыс бойынша 106 ел кәбіндетте 133 мейрбике мен 89 дублер жұмыс істеді. Облыста Ашүкә жобасы арқылы 3437 нысан қызмет көрсетуде.

Аймақтағы білім ошақтарында санитарлық талап күшейтілді. Бас санитар №23 қаулысын жариялады. Онда педагогтарға, тұрғындарға, ата-аналарға, заңды өкілдерге, студенттерге мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына, колледждерге, интернаттар мен жатақханаларды, асханалар мен буфеттерді қоса алғанда жоғары оқу орындарына «Ашүкә» қоғамдық арқылы күруге рұқсат етілді. Барлық оқу орындарында респираторлық инфекция белгілері жетел, мұрынның бітелуі, дене температурасы 37 градустан жоғары адамдарға, COVID-19-ға қарсы вакцина салдырмаған педагогтар мен жеке азаматтарға сауыққаннан кейін үш айдай мектепке күруге тыйым салынды. Сонымен қатар сыныпта немесе топта COVID-19 ауруының 1 жағдайы тіркелген кезде сынып (топ) 14 күн бойы үй карантиніне ошақталады.

Гүлбану МАҚАЖАН



Көше Ел Президенті Қ.Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деген тақырыпта Жолдау жариялады. Онда пандемиядан кейінгі ел дамуының жаңа кезеңі, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, сапалы біліммен қамту, өңірлік саясатты жетілдіру, еңбек нарығында тиімді әкожүйе құру, саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау мен ұлттық ұйыстыру мақсатында жеті бағытқа баса назар аударылды.

Мемлекет басшысы әуелгі сөзін билығы еңселі ел болған 30 жылдығымызға арнады:

«Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалпыңды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қаруы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда. Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен есепті еңбек арқылы жеттік. Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалауда. Сондықтан кез келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Жолдаудың жұртқа ұнған бес бастамасы бар. Енді сол туралы айтайық.

Бірінші бастама ретінде Президенттің айтқаны 2018 жылдан бері жоғарыламаған ең төменгі жалақы жайы болды. Қазақстан жалақы төлеуден ТМД арасында біртүрлер елден арта қалып қойған нәзір аударып: «2022 жылғы 1 қыртандан бастап ең төменгі жалақыны қазір 42500 теңгеден 60000 теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді. Сонымен бірге көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 20, тіпті 40 пайызына дейін жететін «көпенгелі» еңбеккері қорын азайтады. Ең төменгі жалақы мөлшері көбіейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл жалпы ішкі өнімді 1,5 пайызға арттырады», – деді.

Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы. Бұл ретте еңбекке тәуел қорының өсімі соңғы 10 жылда қоспаның иелері табысының өсімінен 60 пайызға қалып қойған. Осыған байланысты өкініш бастама ретінде Үкімет үшін бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын ұтымды шараларды ұйымдастыру тетігі нақтылансын. Енді қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ мемлекет тарапынан бәсеңді қолдау көрсетіледі.

Үшінші бастама да еңбеккері қорына түсетін салмақты жеңілдетуге бағытталды. Шағын және орта кәсіпкерлер үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендетіп отырып, еңбеккері тәуел қорынан бірінші тәлем енгізу ұсынылды. «Бұл бизнесті мыңдаған кәсіпкерінің «көпенгелі» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады. Бұл мәселеде науқаншылыққа қол беруі болмайды. Бизнестің жұмысында іріксіздер мен шығындар болмау үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жыл 2023 жылғы 1 қыртандан жұмыс істей бастауға тиіс», – деді Президент.

2020 жылдан бастап 600 000-нан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Бірақ бюджеттен қаржыландырылатын өзге саланың азаматтары бұдан тыс қалды. Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және т.б. Мемлекет басшысының төртінші бастамасы бұл – 2022 жылдан 2025 жылға дейін осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіру. Жалпы алғанда, тағы да 600 000-дай адам осы бастаманың игілігін көруге тиіс.

Мемлекет басшысының бесінші бастамасы тұрғын үй мәселелерін реттеуге бағытталды. Рас, «Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі тауу арада аяқталды. Сонымен қатар нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәрін бірдей оған шамасы келе бермейді. Осыған байланысты бірінші тұрғын үй бағдарламасы әзірленеді. Келешекте Ұлттық Даму институтына айналатын «Отбасы бақы» оның әкімшісі болып белгіленеді. Бұдан былай банк алдында «Бір терезе» қағидаты бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй беру міндеті тұр. Сондай-ақ зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерін шешініп асатын балалық тұрғын үй сатып алу мақсатында «Отбасы бәніндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беріледі. Президенттің айтуынша, бұл қадам жұрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

Сөз соңында Президент депутаттары қандай да бір заң қабылдағандың халық мүддесі жолында табандылық танытуға шақырды. «Біздің бағытымыз – белгілі мақсатты – айырып. Біз бастамасы сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жасы білеміз. Нақты жоспар жасап, оны жүзеге асырып жатырмыз. Біз қол алған иі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз. Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмыс істеуі тиіс. Өйтпесе ертең кеш қалуымыз мүмкін. Себебі дүниежүзінде ахуал құрылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы. Мемлекет басшысының бағдарына күмен қабылданды, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, өмір тауып орында отыра беруді қалайтқындар. Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалпартындар қызметтен кетуге тиіс. Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз», – деді Қ.Тоқаев.

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА:

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен алқа отырысы өтті.

Жыныға салалық басқарма басшылары мен селекторлық режимде Қызылорда қаласы және аудан әкімдері қатысты. Күн тәртібінде білім беру объектілерінің 2021-2022 жана оқу жылына дайындығы қаралды. Аталарымен жұмыстар туралы облыстық білім басқармасының басшысы Ақира Қасымова мен облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов баяндады.

Алғашқы Ақира Қасымова облыстағы білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарына тоқталды. Оқу жылында 294 мемлекеттік және 10 жеке мектепте 177 196 оқушы білім алады. Оның ішінде 1 сыныпқа барлығы 18 276 оқушы қабылданды. Барлық мектеп жұмысын офлайн форматта бастайды. Оқушылардың шоғырлануын болдырмау үшін үзілістерді

әр түрлі уақытта өткізу, білім алушылар мен қызметкерлер арасында маска тағу режимін сақтау, «бір сынып бір кабинет» қағидаты қатаң сақталатын болады. Қазіргі таңда 304 мектеп пен 670 мектепке дейінгі ұйым, 30 колледж, «ASHYU» қосымшасына толық қосылған. Оқушылар арасында қарым-қатынасты шектеу мақсатында негізгі пәндерді дәстүрлі түрде оқытса, қалған пәндер жылжымалы кесте арқылы оқытылады.

Облыстық білім басқармасы басшысы аймақта барлық мектептер бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылғанын тілге тиек етіп, білім беру ұйымдарының жылу беру маусымына дайындығы 95% құрап отырғанын айтты. Тамыз айының соңына дейін бұл бағыттағы жұмыстар толығымен аяқталады деп жоспарлануда. Жалпы облыстағы 30 техникалық және кәсіптік



білім беру ұйымдарында 19 775 студент білім алады. Оқу орындарында санитарлық талаптар сақталуы барысы бақылауда.

Жыныға білім беру нысандарының құрылыс мәселесі де өз болды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов негізгі жұмыстарды тізбектеді. Басқарма басшысының айтуынша, облыс бойынша 13 білім беру нысанының құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 7 мектеп, 2 қосымша құрылыс, 1 лагерь, 1 білім беру орталығы, 1 оқушылар үйі, 1 балабақша бар. Бүгінге дейін «Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп құрылысы» нысанының құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, пайдалануға қабылданды. Жылдың аяғына дейін 7 білім беру нысанының құрылысын аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Ал қалған 5 нысан 2022 жылда аяқталады.

Аймақ басшысы жаңа оқу жылының дайындығы мен білім ұйымдарының құрылысына қатысты бірқатар тапсырма берді.

«Білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығын уақтылы және сапалы жүргізіп, санитарлық қарапайым жеткілікті көлемде қамтамасыз етуді қатаң бақылауға алыңыздар. Ата-аналар арасында вакцинацияның маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Арал ауданы Токбай ауылындағы апатты мектеп мәселесін жедел шешу жолын қарастырыңыздар. Жаңа оқу жылында оқушылардың білім алуына барлық жағдай жасалу керек. Жыл соңына дейін пайдалануға берілу тиіс білім нысандарының құрылысын уақтылы аяқтау міндеттеледі. Аталған жұмыстардың орындалуын бақылауды және үйлестіруді Балжан Шәменованы тапсырамын», – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖАЙЫ

Шаһар басшысы Ғанибек Қазантаев қаладағы бірқатар орта білім ұйымдарының бүгінгі жай-күйін көріп, шешілуі тиіс мәселелерді назарға алды. Алдымен қала әкімі облыс орталығындағы өткен жылы пайдалануға берілген 500 орындық заманауи «Зерде» интеллектуалды мектебіне барды.



Жаңа мектептің құрылтайшысы Сейітқали Алышбаев заманауи бағытта салынған интеллектуалды мектептің ерекшеліктерін таныстырды. Мектептің ауымағы – 8 мың шаршы метр, жалпы алаңы – 1600 гектар. Интеллектуалды мектеп 3 қабаттан тұрады. Бірінші қабатта оқушылар үшін спорт зал, би залы, асхана мен оқу кабинеттері орналаса, екінші қабатта балалар демалыс алаңы және теннис залы салынған. Ал үшінші қабат заманауи үлгідегі ақт зал, компьютер сыныпқа арналған.

Одан әрі Абай даңғылы бойында орналасқан Смайұл Бисекенов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжіне барып, білім саласының қазіргі жай-күйін көрді. Бұл білім ордасының негізгі бағыты – баскелестікке және нарықтық экономика жағдайларына тезіне білетін білікті де білімді, жоғары

сапалы жұмысы мамандарды даярлау. Мамандық бойынша оқу процесі үшін қолданылатын оқу базасының жалпы көлемі – 12694 шаршы метр. Білім беру мен дағды қалыптастыру бағытында 25 оқу кабинеті, 3 зертхана, 7 шеберхана, 1 тренинг орталығы жұмыс істейді. Бүгінгі таңда колледжде 12 мамандық бойынша 604 студент білім алады. Оларға 97 инженер-педагог, оның ішінде 43 оқытушы, 54 өндірістік оқу шебері дәріс береді. Қызметкерлердің 91%-ы жоғары білімді болса, 8%-і арнаулы орта білімді.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар ғимараттың жай-күйін көрген Ғанибек Қазантаев бүгінде білім ордасы өте ескі екенін ескеріп, заман талабына сай күрделі жөндеуді қажет ететінін айтты. Осы орайда аймағымыздың білім саласына әрдайым өз үлесін қосып жүрген Сейітқали

Алышбаев аталмыш білім ордасына инвестор болатынын жеткізді.

– 54 жылдық тарихы бар ғимараттың жағдайы белгілі. Енді облыстық бюджет арқылы пилоттық жобаны сенімді басқаруға алдық. Алда 5 жылдың ішінде 3 млрд теңгеге инвестицияға жаңа жобалар жасап, бүгінгі заман талабына және ғимарат салуды жоспарлап отырмын, – деді инвестор Сейітқали Алышбаев.

Соңғы жылдары жекеменшік мектептердің құрылысы бойынша инвесторлармен қарқынды жұмыс жүргізіліп жатқандығы тоқталған қала әкімі Ғанибек Қосымбекұлы қала орталығында санін кетіріп, көп жылдан бері пайдаланылмай тұрған ғимараттар мен бос жерлерді заңды түрде ел игілігіне жұмыс жасаймын деген кәсіпкерлерге бері отырып, қолдайтынын жеткізді.

ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және 30 тамыз – ҚР Конституциясы күніне орай «Сыр үміті» жастар қауымдастығының және «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының қолдауымен облыс жастарының арасында волейболдан турнир өтті.



Өңір халқының бұқаралық спортқа деген қызығушылығы жоғары. Оны турнир барысында байқау қиын емес. Тартысқа толы басекеге облыс бойынша ең мықты деген 8 команда қатысты. Олар бірінен-бірі асып түсті.

Турнирге қатысушы командалар 2 топқа бөлініп сайысты. Алғашқы "А" тобынан Шиели және Қызылорда құрамалары алға шықса, "Б" тобынан Жанақорған және Жалағаш жастарының жолы болып, жартылай сында өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Жартылай финалдық кездесу аяқтас бәсекеден кем болмады. Шиели жастары Жалағаш құрамасын жеңсе, қызылордалық жастар Жанақорған құрамасынан басым түсті. Аяқтас сында Шиели командасы турнирдің жеңімпазы атанды. Ал II орын үшін тер төккен Жанақорған құрамасы жалағаштықтардан басым түсіп, қала жүлдені қанағат тұтты. Жарыс жеңімпаздары арнайы дипломмен марапатталды.

АСЫҚ; ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР



«Сыр үміті» жастар қауымдастығының және «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының қолдауымен облыс жастарының арасында асық турнирі өтті.

Өр аудандан «сен тұр, мен атайын» сынды мергендер жиналған бұл турнирге 30-дан аса жас қатысты. Алайда аяқтық сындын жолдамасы тек 4-еуіне ғана бұйырды. Аяқтық сында қызылордалық Бауыржан Кеңесовтің асығы алшысынан түсіп, жеңімпаз атанса. Арал ауданының қатысушысы Ә.Кеңесов II орынға тұрақтады. Ал Қармақшы ауданының спортшысы Темірлан Тұрмаханов III орынды қанағат тұтты.



Көлемге түрлі жанрда 500-ден аса кітап қойылған. Тұрғындар өздеріне қажетті оқулықтармен танысып, ұнаған кітаптарын алып кетті. Көшпелі кітап көрмесінің қорына үлес қосқан тұрғындар да жоқ емес. Соның бірі – Наталья Степановна. Тұрғынның айтуынша, рухани азық болатын көрмелердің көп болғаны

жастардың білімді әрі алға жылжуына едәуір көмек болар еді, – дейді ол.

– Осыдан 25-30 жыл бұрын қала орталықтарында кітаптар жай сатылымға шығып немесе бір-бірімен кітап алмасып оқытқындардың саны көп болатын. Алайда қазіргі дамыған технологияның әсерінен кітап оқытын жастар азаюда. Бүгінгі

КІТАП – РУХАНИ АЗЫҚ

ҚР Конституция күніне орай облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Универсам» мәлтек ауданында жылжымалы кітап көрмесі өтті.

ұйымдастырған жылжымалы кітап көрмесінің зор қызығушылыққа ие болды. Кітап көрмесінің қорына бүгін өзін оқып, ұнатқан 4 кітабымды сыйға тарттым. Алда осындай көрмелердің көп болғанын жастардың білімін арттыруға, кітапқа қызығушылығын оянуына үлкен серпіліс әкелері сөзсіз, – дейді қала тұрғыны Наталья Степановна.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

ЕЛІМ МЕНІҢ



Конституция күніне орай Ішкі саясат басқармасының тапсырысы аясында «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының қолдауымен «Жастар патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы негізінде ұйымдастырылған «Елім менің» интеллектуалды сайысы қорытындыланды.

Сайысқа 4 команда қатысты. Атап айтсақ, «Жастар денсаулық орталығы», «Жастар ресурстық орталығы», «Алараттық талдау орталығы» және «Абал и К» компаниясының командалары өзара бақ сынасты. Аталмыш сайыс 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең бойынша қатысушы командалар тарихқа саяхат жасаса, екінші кезеңде өлкенің тарихи ескерткіштерін еске түсірді. Ал шешуші үшінші кезеңде топтар логикалық сұрақтар бойынша өздерін сынан көрді. Сайыс қорытындысы бойынша III орынды «Жастар ресурстық орталығы» иеленсе, жеңіске жетуге бір табан қалған «Жастар денсаулық орталығы» II орынды қанағат тұтты. Ал 3 кезеңде оқ бойы озып шыққан «Абал и К» компаниясының командалы жеңімпаз атанды.

AULA SPORT



Орталық мамандарының ұйымдастыруымен Титов мөлтек ауданында "AULA SPORT" мәдени-спорттық сайысы өтті.

Қалалық маслихат депутаты Айгүл Мұсабаеваның қолдауымен өткен бұл шарда ән де айтылды, би де биленді. Сайыс арқан тарту, қол күрес және белтемір спорт түрлерінен ұйымдастырылды. Спорттық шарға 50 жасқа жас қатысып, көтеріңкі көңіл-күйде керемет әсер алды.

Шара соңында белсенді жастар арнайы алғыс хатпен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Қорытынды сөтте мөлтек аудан тұрғындары ұйымдастырушы облыстық жастар ресурстық орталығына алғыс білдірді.

ЖАМБЫЛ, БІЗ БІРГЕМІЗ!

Жамбыл облысында орын алған жағдай қазақстандықтарды қатты алаңдатып отыр. Естеріңізде болса, Арыс оқиғасы әрбір қазақтың жүрегіне батып, қабырғасын қайыстырған қайғылы оқиға айналып еді. Дәл сол секілді, Әулиеата жеріндегі жағдай да Сыр жастарын алаңдатып отыр.



Басына қиын-қыстау күн туғанда бір-біріне бауырмалдық, қайырымдылық, ауызбіршілік ұстанымдарын көрсету – халқымызға тән асыл қасиет. «Тас түскен жеріне ауыр» деген, осы бір ауыр кезеңде жамбылдық тұрғындарды сабырға шақыра отырып, қиындықтар мен ауырталықтардың бетін аулақ қылсын деген ізгі тілегімізді арнайымыз. Сыр жастары қандай да болсын, көмек қолын созуға әрқашан дайын.

НАУБАЙХАНА ІСІН ҚОЛҒА АЛДЫ



Бүгінде қыз-келіншектердің көбісі бес аспап. Олар арнайы курстарға жазылып, жан-жақты іздеуге ықыласты. Қызығушылығы арқылы кәсіп ашқандар да бар. Әсіресе әлеуметтік желіде кондитерлік өнімдердің, бетті әрлеу мен шаш үлгісін жасауды үйрететін парақшалардан көп нәрсе жоқ. Мұның барлығы – кәсіпін өнді бастаған жастардың ісі. Қармақшылық Айнұр да солардың қатарында. Ол бүгінде наубайхана ісін қолға алды.

«Кәсіптің ең ауыр түрі наубайхана деген сөзді жиі естимін. Бір кісі наубайхана ашып, оны ұл-қызы жүргізгенін айтқан еді. Түннің бір уақытында көріп, таң ата кетіп қалады. Ұйқыны да ұмытты» деген сөзінде. Шынымен наубайхана жұмысының қиындығы бөлек әңгіме. Ол осы қиындықтың бәрі бастан өткеріп, наубайханасын дамытуда.

– Тәтті өнімдер пісіру өзіме ұнайды. Уақытымның көп бөлігін асханада өткіземін. Тапсырыс көп, алғашқыда көңілмен шықпайтын тәттілер болған. Бүгінде біразын үйреніп алдым. Уақытты да тиімді пайдаланамын. Бағаммен үйде отырған соң, бір іспен айналысайын деген ойға келдім. Сөйтіп наубайхананы тандадым. Өзімнің

қолымнан келетін, қызығушылығым бар кәсіптің осы түрі ыңғайлы деп шештім, – дейді жас кәсіпкер.

24 жастағы кәсіпкер бала күйінде отырып-ақ кәсіпін айналысуға болатынын дәлелдеді. Ол 2 жылдан бері мыңнан аса тұрғыны бар Қармақшы ауылдық округі тұрғындарының нан өнімдеріне сұранысын қамтамасыз етіп келеді.

Жас келіннің жолдасы мен балаларына әзірлеген нан өнімдері ауыл тұрғындарының да көңілінен шығып, көрші-көлемнің сұранысымен торт пен тоқаш пісіріп сата бастайды. Кейін кейіпкерімізге жолдасы «Бастау бизнес» жобасына қатысып, қызығушылығын кәсіпке айналыруды ұсынады.

– Торттың түр-түрі бар. Қазіргі таңда олардың атауы да

көбейіп кетті ғой. Соны тапсырыс берушінің қалауы бойынша жасап беруге тырысамын. Тортқа тапсырыс көп түседі. Туған күнге арнайылап жаздырып алғанды ұнатады. Менің міндетім – тапсырыс берушінің көңілінен шығу, – дейді Айнұр.

Сөйтіп ол кәсіп негізін үйрену курсынан 2019 жылы тәмамдады. Былтыр грант мақұлдайтын комиссия алдында бизнес-жоспарын сәтті қорғап, 550 мың теңгеге наубайхана ашты.

«Күніне 40 шақты нан, 20-дан аса шеплек пісіремін. Бұдан басқа тұрғындардан тортқа, тоқаштың түр-түріне тапсырыс түседі. Шүкір, кәсіпім жақсы жүріп тұр. Үй шаруасымен айналысып та, балаларыма қарап та үлгеремін. Хоббиімнің

кәсіпке айналуына мүмкіндік берген «Бастау бизнес» жобасына, бизнес-тренинге алғысмыз шексіз. Ауыл өкілдігін де кәсіпін өнді бастауға көмектесті, – дейді бастаулық Айнұр Алшыбай.

Бүгінде аудан тұрғындары пештен шыққан ыстық нанның қаладан келуін күтпейді. Себебі Айнұр қармақшылықтарды ыстық нанмен, тәттілермен қамтып отыр. Қазіргі таңда кішігірім кәсіп ашып, оның жұмысын одан әрі жандандырып, санаулы уақыт ішінде іргелі кәсіпорынға айналдыруға ешқандай кедергі жоқ. Бұл ретте, бастысы, қаражат емес, білім мен бірлік керек. Осылайша өндіре кәсіп көзін таба білгендердің әл-ауқаты жақсара түсетіні белгілі.

Мәлідр САБЫРЖАН

КӘСІП АШУҒА ҮЙРЕТЕДІ



Қазақстанда электронды сауданы ынталандыру үшін біршама шара қабылданып жатыр. Экономиканың осы маңызды саласына серпін беру үшін Сауда және интеграция министрлігі шағын және орта бизнес өкілдерін онлайн бизнес жүргізуге оқыту үшін арнайы платформа құрды.

Жалпы елде электрондық сауданы ынталандыру және ШОБ өкілдерін оқыту, жеткізу қызметі, логистикалық сервис-терді дамыту, заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ онлайн транс-шекаралық сауданы дамыту бойынша кеңейді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осылайша көптеген студенттерді электронды коммерция негіздеріне оқыту мақсатында биыл jumysbar.kz платформасында оқыту модулі іске қосылды. Онда оқу материалдары, бейне сабақтар, түрлі сәтті онлайн-кәсіпкерлермен сұхбаттарды көруге болады. Одан бөлек ішкі электронды сауданы ынталандыру шеңберінде шағын және орта бизнес өкілдерін онлайн бизнес жүргізуге оқыту жұмысы белсенді жүргізілуде. Ол үшін осы жылдың қыркүйегінен бастап Сауда және интеграция министрлігі SmartDuke.kz платформасына іске қосады. Бұл платформаны AIFC FintechHub-тің жетекші жанаңдық тәлем компаниясы Mastercard-пен бірлесіп әзірлеген. Осы жылдың өзінде платформада 4 курс іске қосылды.

Министрлік таратқан мәліметке сәйкес, 2019 жылы Қазақ-стандағы электрондық сауда нарығының көлемі шамамен 700 млрд теңгені құраған. Ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 2 есе өсіп, 1,1 трлн теңгеден асқан.

151 000 АДАМ «БАСТАУ БИЗНЕС» КУРСЫНАН ӨТТІ



Осы уақытқа дейін «Бастау бизнес» бойынша 44 362 жоба іске қосылды және 60 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. Мұндай статистиканы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нариман Әбілшайқов Орталық коммуникациялар қызметінде онлайн-брифингте айтты.

Палата мәліметінше, 2017-2020 жылдар аралығында «Бастау бизнес» жобасы бойынша жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған 151 528 азамат кәсіпкерлік негіздерін оқыған. Олардың ішінде 4 жылда 44 362 жоба іске қосылды. Оның 36 пайызы микронесілер есебінен және 64 пайызы «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде гранттық қаржыландыру есебінен білім алды.

– 30 188 адам оқытылды, бұл – жоспардың 101 пайызы. Жоспар-лы санның асып кетуі өңірлерде оқуға нақты қажеттіліктің болуына байланысты. 30 188 оқуды аяқтағандардың ішінде 19261-і жұмыссыз, 8733-і өзін-өзі жұмыспен қамтыған және 2194-і ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер, – деді Нариман Әбілшайқов.

Сонымен қатар Нариман Әбілшайқов «Бастау бизнес» жоба-сында оқыған тұлғаларға жаңа мүмкіндіктердің беріліп жатқанын атап өтті.

– Алдағы күндері пандемия уақытында зардап шеккен жоба тұлғалары төмен пайызбен несие рәсімдей алады. Оқыту микро-несие беруге байланысты жүргізіледі. Бұл оқытуды, микроқаржы-ландыруды, жобаларды сүйемелдеуді қамтитын тұтас бір экосистемі-не құруға мүмкіндік береді, – деді ол.

Республика бойынша барлығы 15 микроқаржы ұйымы ашылып, оларға ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы берілді. Барлық Микроқаржыландыру ұйымдары 15 шілдене бастап өтінімдерді қабылдауды бастады. Қазіргі уақытта 3 млрд теңгеден астам сомға 800-ге жуық өтімді қабылданды.

– Бастау бизнес» жобасының тұлғалары арқашан мемлекеттің қол-дауын сезінеді. Міне, қазір де Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен оқуға қатысушыларды қаржыландыруға жеткілікті қаражат бөлінді. Біз ЖАО-мен бірлескен микроқаржылық қолдау жетілдіруді 6 пайыздық жеңілдікті мөлшерлемесі бойынша микрокредиттеудің қолжетімділігін арттыратынына сенімдіміз. Сонымен қатар несиені өтеу кезінде де қолдау берілеуіне сенімдіміз, – деп толықтырды Нариман Әбілшайқов.

МИКРОНЕСИЕНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Бүгінде «Бизнес бастау» жобасының игілігі мен пайдасын көргендер саны жыл санап артауда. Биылдың өзінде жоба аясында Қызылорда облысы бойынша 2500 азаматты қамту қоспарланған. Ал облыс бойынша 5 жылда 11 243 азамат «Бастау бизнес» жобасын оқып, 6732 жоба қаржыландырылды. Мәселен, «Бастау бизнес» жобасының түлегі Жанатбек Қазалы ауданы үшін жаңа кәсіп түрін қолға алды. Ол – аквапринт қызметін ұсынады. Ол «Бастау бизнес» жобасына дейін көпір салушы құрылысшылармен бірге жұмыс істеген. Тапсырыс қай өңірден түседі, сол жақта жұмыс істеуге мәжбүр болған. Үнемі жолда болу қиындық тудыраған соң Жанатбек тұрақты бір саланы таңдауға шешім қабылдады.



Жанатбек Аманов жобаның сертификаттаумен және дайын бизнес-жоспарымен конкурста қатысып, «Еңбек» бағдарламасы аясында берілген 555 мың теңге грантты жеңіп алады. Бастапқыда жаңа кәсіп түрі қазалылықтарға таңсық болып, тапсырыс аз түскен. Оның үстіне шектеу шаралары еркін жұмыс істеуге мүмкіндік бермеген. Дегенмен Жанатбек «Бастау бизнес» жобасы барысында үйренген біліктілігін пайдаланып, әлеуметтік желі арқылы жарнама беріп, нәтижесінде тұтынушылар саны артқан.

– Қазір 2 адам болып жұмыс істейміз. Келігі ескі азаматтар салонны жаңалауға шамасы келе бермеді. Ал аквапринт, яғни фото көлемін арқылы келік салонны өрлеу, әрі жаңалау өте тиімді. Сұраныс күннен күнге артып келеді, – дейді Жанатбек Аманов.

қазір жақсы мүмкіндік бар. Олар биыл өндіре қырылған «Атамекен Qyzylorda» микроқаржы ұйымы арқылы 6 пайызбен 5-7 жылға дейін жеңілдетілген несие ала алады.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗ



Жас кәсіпкер Алматыға барғанда көлік әрлеумен айналысатын мамандардың аквапринтпен жұмыс істеу тәсілін көреді. Қызығушылығы оянып, осы бағытты зерттеуді қолға алады.

– Маған аквапринтті үйрену бастапқыда қиын болды. Бұл бағытта кәсіби жұмыс істейтін компания Ресейдің Самара қаласында орналасқан. Бірақ онда оқу өте қымбатқа түсетін болды. Сондықтан өз бетімен іздендім. Интернеттен видео материалдар қарадым. Алматыға барып, мамандардың жұмыс процесін көрдім. Осылайша бұл істің қолымнан қиындығын көптігін білу үшін азғантай материалдарға тапсырыс

беріп, үйде істеп көрдім, – дейді Жанатбек Аманов.

Аквапринт – Қазалы ауданында әрі таныла қоймаған қызмет түрі. Жанатбектің кәсіпті жүйелі жүргізуі үшін қаржысы, техникасы жеткілікті болған. «Бизнес бастау» жобасы туралы естіп, оқуға өтінім берді.

– Жобадан көп нәрсені үйрендім. Кәсіпке жарнама жасауды, өсеті тапсыруды, тіпті адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау жолдарына дейін біліп шықтым. Пандемия болғандықтан оқу онлайн болды. Бірақ бизнес-тренингті үнемі болжамдасты болып, барлық сауалымызға уақытылы жауап ала алдық, – дейді бастаулық кәсіпкер.

ВАКЦИНА САЛДЫРУ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Денсаулық сақтау министрлігі кәсіп-орындардың вакцина салдыру процесі 1 қыркүйектен бастап тексерілетінін мәлім-деді. Тіксіз рейд жүргізу құздің басына белгіленген, алайда өзгертсеу алгоритм жок.



– Жұмыс орындарында вакцина салдыр-маған қызметкерлердің болуы және кәсіп-керлерге сол үшін айыппұл салу мәселесі бойынша санпидбақылау органдарының тексеру жүргізуіне қуқықтық негіз болмауына қатысты Бас прокуратура жауап берді. Содан кейін Денсаулық сақтау министрлігі вакцина салдырған қызметкерлерді тексеру туралы тармақты заңды ету үшін мониторинг топтардың жұмыс алгоритміне өзгеріс енгізді, – деп жазды «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасы орынбасарының м.а. Ербол Өстеміров Facebook парақшасында.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес-қауымдастықпен кездесуде ведомство өкілінің қатыс-қанын атап өтті. Кездесуде ДСМ өкілі 1 қыркүйектен бастап рейдтер жүргізілетінін растаған, бірақ тексеру механизмін өзгертілген. Министрлік өзгерткіш алгоритмді қарастырып отыр: кәсіпкер вакцина салдырған қызметкерлердің тізімін жасап, жанартын отырады, тексеру жағдайында бизнес нысан өкілі мониторинг топ мүшесіне аталған тізімді көрсетуге тиіс.

Заңнама тұрғысынан кәсіпкерлерді вакцина салдырмағаны үшін жұмыстан шеттетуге еңбек кодексінің нормаларына сәйкес келе ме, келмей ме тексеру керек. Алгоритмге келсек, тізімдерге жауап беретін кадр бөлімінің қызметкерлері жұмыс күнін аяқтаған кезде вакцина салдырған азаматтарды түнгі уақытта тексеруге қатысты сұрақ көп. Алтындене денгейі жоғары азаматтарды азық-аулаудың қажеттілігі бар ма, медициналық қосатын алған азаматтар ITIT-тестілеу анықтамасы керек пе? Министрлік ұсыныстарды тапқылауға, бизнеспен кездесуге дайын екенін білдірді, – деді Ұлттық палата өкілі.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ, СӘУЛЕТ ҰМЫТ ҚАЛДЫ



Қызылорданың қақ ортасынан Сырдария өзені өтеді. Дарияның сол жағалауына да қала салып шаһар көркін аша түсу идеясы сол уақыттағы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың идеясы болатын. Сыр өңірінің руханияты мен мәдениетіне ерекше қамқорлық жасап, тұған жер, туысқан жұрттың қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген екім бұл қаланың сәулеті болуына да күш салды. Ең мықты сәулетшілерді жинап, бас жоспарын бекітті. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеген – Любев Нысанбаев басқаратын «Урбостиль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы. Білікті сәулетшінің бас жобасы халықты да қуанышты қойылды. Себебі жобада еліміздің ұлттық нақыштағы мен шығыс стилінің басты ернектері қамтылған болатын. Бұл 2011 жылы басталған жұмыстар еді. Он жыл уақыт өтті. Салынып жатқан ғимараттар бас жоспарға сай ма? Халыққа жария етілген шығыс стилімен үйлескен ұлттық нақыштағы ғимараттар неге салынбай жатыр? Не өзгерді? Неге өзгерді?

“Сол жағалау аумағы 15 ауданнан құралды. Оның 11-і тұрғын аудандар, 1-еуі индустриалық аймақ және 3-еуі рі парк және бульварлар. Бесінші тұрғын ауданның құрылымында махалла типтес орта қабатты үйлерді салу жоспарланған. Орта тұрғын ауданның ішінде өспірендерге сәйкес мектептер мен балабақшалар, емхана, дүкендер және тағы басқа да қызмет көрсету орындары салынады”. Бұл аяқталған бас жоспардың өзгерісін аңғаруға болады. Ең алғашқы мақұданған жоспарда шығыс стилінде халықты жепден, күннен қорғайтын тапшандар, ұлттық нақышта безендірілген ғимараттар, зәулім үйлер болмақ. Бұл жоспардан біз сол жағалауды мақсатты игерудің жобасы өзгергенін аңғарамыз.

Сұлтанбай Қонарбаев, «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары:



Сұлтанбай ҚОНАРБАЕВ

Жаңа қала – 1532 га аумақты құрайды. Онда оның рекреациялық аймақтар, тұрғын үй құрылысы, сауда орындары мен офистік ғимараттарға, әлеуметтік инфрақұрылымға арналған жер телімдері бар. Жоба бойынша 16 жаңа мектеп, 12 балабақша, 4 денсаулық сақтау мекемесі, сондай-ақ спорттық және әлеуметтік-мәдени ғимараттар салу жоспарланды. Бұл 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй құрылысы, онда ішінде мен салатпаны келісер ме еді? Өкінішке қарай бұл жоба бірнеше рет өзгерді.

Қырымбек Көшербаевтың бастаған жұмысын бүгінде облыс әкімі Гүлшара Бөдіқова жалғастыруда. Аймақ басшысының төрағалығымен Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру жұмыстары өкілді жағындағы штаб отырысында талқыланп отырды екен. Қазір сол жағалауда құрылыс қарқынды. Бұған дейін 2455 пәтерлі 53 тұрғын үй және «Болашақ» университетінің білім қампысы, 320 орындық балабақша, «Жазтар орталығы», 720 орындық «Onda school» мектебі, «Транс-телеком» акционерлік қоғамының ғимараты, өкімшілік ғимараты сондай-ақ бұрынғы «Қазақ Орталық Атқару Комитеті» ғимаратының сызбалары бойынша салынған мұражай пайдалануға берілді. Сол жағалауды «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық

трассасымен байланыстыратын, ені 60 метрді құрайтын автожол іске қосылды. Енді алдағы уақытта 9-12 қабатты ғимараттар бой көтереді. Ғимараттардың ортасында ерекше сен берер гүл бульвары болады екен.

Алмат Берікулы, «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі сәулет, қала құрылысы және мониторинг бөлімінің басшысы:



Алмат БЕРІКУЛЫ

“Сол жағалаудың орталық алаңының сәулеттік келбетін ашытын және халық турмысына тиімді орта қалыптастыру мақсатында Қызылорда облысының құрылысшылар ассоциациясымен біріге отырып «Гүл бульварының» ноуавин дайындаған үздік жобаны комиссия анықтады. Жоспарланған бульвар аумағында фронтан, балалар алаңы, көлік тұрағы және көптеген киші архитектуралық фигуралар қарастырылған. Жалпы бульвардың ұзындығы 12 секторды құрайды. Бұл бульвар сол жағалаудың сәулетін аша түсетін болады.

Сәулет – ұлттық мәдениет жайлы сөзсіз сөйлеп, тіпсіз баяндап бере алатын асыл қазына. Қаламызда құрылыс дағдарыс пен инвестицияның жоқтығына қарамастан қарқынды жүріп жатыр. Жылдамдық пен үнемдеу бұрыннан бірінші орынға шыққан. Қалада өмір сапасын жақсарту үшін сауатты архитектуралық саясат қажет, ал сәулетшілердің өз қала құрылысы саясатын қалыптастыруда жетекші рөл атқаруы тиіс. Нарыққа сай құрылыс жүргізгенде сәулет шешкен ысырылып қалмауы керек. Әсіресе: Елбасы «Алаштың анасы» атаған Сыр елінің сәулеті мен сәні келісіп жатса құба құл болар еді. «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілдері сол жағалаудың алғашқы жолары өзгермегенін айтып сендірді. Бйтсе де бұрын жоспарда болмаған қызыл кірпішпен өрілген тұрғын үйлерді тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру мақсатында салып жатқандарын айтады. Мұқтаждыққа мән берген де жан-у, қаншама жан баспаналы болады. Ал ғимараттарды салғанда сәулеттік жобасын сақтап қалуға болмас па еді? Сол жағалауды сәулетпен бас шаһардың көркіне көрік қосар еді.

Гүлжан МАҚЖАН

МӘСЕЛЕ-СҰҚБАТ

– 2016 жылы «Бәйтерек» ауданынан жер кезегінде тұрған 5 мыңнан астам тұрғынға жер берілді. Арада 4 жыл өтті. Тұрғындар жерді мақсатты пайдалана алды ма?

– Қызылорда – Жезқазған трассасының бойынан жалпы көлемі 980 гектар аймаққа егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленіп, аталған аймақ «Бәйтерек» мәлтек ауданы деп аталған болатын. Осы ауданды жер кезегінде тұрғандарға тұрғын үй салу мақсатында 5 112 жер учаскесі табысталды. Жер учаскесінің құнығы – уақытша өтеулі, жалдау құнығына берілді. Яғни 3 жылға дейін. Жерді жалға берудің басты мақсат – жерге мұқтаж азаматтарды нақтылау. Себебі, осы уақытқа дейін үкімет тарапынан берілген жерлерді баспана салу дәрегі емес, сату көбейіп кеткен. Мұндай деректерге тоқсаулық қою мақсатында Жер кодексі талаптарына ескере келе, 3 жылға жалға беруді жүзеге асырдық. Нәтижесінде 1500 адам үй салып, жерді жекеменшікке алу құқығы иеленді. Толық игерілуіне байланысты 1443 азаматтың жер телімі мемлекетке қайтарылды. Жартылай құрылыс салуына байланысты қалған азаматтардың жерінің жалға алу құқығы узыртылды.

– Мемлекетке қайтарылған жер енді 2006 жылы жер кезегінде тұрғандарға табыстала ма?

– Қызылорда облысында 2005 жылдан 2021 жылға дейін аралықта 61 мың 800-ге жуық тұрғын жер кезегінде тұр. Жер кезегінде 2006 жылы тұрғандар жиі келіп, реттілігін тексеріп, жер қашан беріледі деп сұрайды. Осы азаматтардың өтінішін ескеріп, «Бәйтерек» ауданындағы игермегендердің жерін мемлекетке қайтардық. Десе де жер кезегінде әлі де 2005 жылғы 3 мыңға жуық азамат бар. Өйткені 2005 жылы жер кезегіне 11087 азамат тұрған. Осы 3 мыңға жуық тұрғынды қамтымай, 2006 жылға жылжы алмаймыз. Қазіргі таңда жеке тұрғын үй құрылысын беру қандасына 2021 жылдың наурызында өзгеріс енгізіліп, жер телімін беру қатынастары белгіленіп алынып, қалалық Сәулет және құрылыс

Осыдан төрт жыл бұрын «Қызылорда-Жезқазған» тас жол бойындағы 980 гектар жерге инфрақұрылым жүргізу үшін республикалық бюджеттен 10 миллиард теңге жұмсалып, «Бәйтерек» мәлтек ауданы жер кезегінде тұрғандарға тегін берілген еді. Десе де тұрғындардың көпшілігі жерді игеруге асықпай отыр. Ал жер кезегінде тұрған 60 мыңнан астам халық кезегінің қашан жылжитынын біле алмай, мекеме табалдырығын тоздыруда. Жаңадан бұл көтерген аудан халқының тыныс тіршілігін, жер кезегінің жылжуына қандай кедергі бар екенін білу мақсатында Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімінің сектор меңгерушісі Ғанибек Омаровпен әңгімелескен едік.

АРЫЗ САТЫП АЛАМЫН ДЕП АЛДАНБА!

бөліміне берілді. Осы аталған бөлім кезекте тұрған азаматтарға жер телімін беру жұмысына кірісіп кетті.

– Сонда 2016 жылы «Бәйтерек» мәлтек ауданынан қайтарылған 1143 жер телімі 2005 жылы кезекте тұрғандарға табысталады ғой. Ал басқа да жер кезегінде тұрғандарға «Бәйтерек 2» мәлтек ауданы салынып жатыр деп естіген едік. Қаншалықты рас?

– «Бәйтерек» ауданынан бөлек, 150 гектар және 670 гектар аумаққа егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары жасалуда. Яғни бұл жерлер «Бәйтеректің» жалғасы десе де болады. Қазіргі таңда Жер кодексінің талаптарына сәйкес, аталған аумақтарға инженерлік инфрақұрылым, яғни толық коммуникация жүргізіліп, жер учаскесі берілмейді. Осы мәселе шешілген соң табысталады. Бірақ одан бөлек, қала аумағынан Сахат, Қорыт, Өл-Фараби сияқты аудандардан бос жер телімін іздестіріп жатырмыз. Инженерлік инфрақұрылымы бар, бірақ еш жері жоқ жерлер 2005 жылы жер кезегіне тіркелген реттілігі бойынша да табысталады.

– Жалпы «2005 жылғы арызды сатамын» деген жарнаманы жиі кө-

